



Марата Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті

Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы

Ересектердің, балалардың аллергологиясы мен иммунологиясы

Резидентура мамандығы 7R01103

Бағдарлама мақсаты: Дәрігерлерді резидентурада дәлелді медицина қағидаттарына және емдеу-диагностикалық фармацевтикалық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес мамандандырылған аллергологиялық және иммунологиялық көмек көрсету бойынша дербес жұмысқа тереңдетіп даярлау.

Оқыту нәтижелері:

ОН1- иммунологиялық және аллергиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, профилактикасы, клиникалық симптоматикасы, жіктелуі, дифференциалды диагностикасы туралы заманауи түсініктерді білу . Науқасты кешенді тексерудің нәтижелерін түсіндіруге ,қорытынды тұжырымдауға, ұсыныстар жасауға қабілетті.

ОН2- клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және медициналық көмектің барлық деңгейлеріндегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті.

ОН3- ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға , зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға, ғылыми дерекқорларды талдауға, қорытынды жасауға және нәтижелерді өзінің клиникалық тәжірибесінде қолдануға қабілетті.

ОН4- кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алады және ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтай алады, науқас үшін керемет нәтиже шығару мақсатында науқаспен, оның айналасындағы адамдармен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады.

ОН5 – Жеке оңалту бағдарламаларын іске асыруды қоса алғанда, аурулар және (немесе) жағдайлар бойынша медициналық оңалту шараларын жүргізуге және олардың тиімділігін бақылауға қабілетті.

ОН6- тез арада медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетті.

ОН7-профилактикалық медициналық тексерулер жүргізуге, диспансерлеуге , диспансерлік бақылауды жүзеге асыруға қабілетті.

ОН8-өздігінен білім алуға, өзгелерді оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге түрлеріне қатысуға қабілетті.

Бағдарламаны жүзеге асыруға жауаптылар:



Курмангалиева Саулеш Сейтжановна – медицина ғылымының кандидаты, доцент, микробиология, вирусология және иммунология кафедрасының жетекшісі, дәрігер алерголог-иммунолог. 8 оқу құралының, 12 әдістемелік нұсқаулықтардың соавторы. Өнер табысқа құқығы бар. Білім беру процесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу актілері бар, ғылыми жарияланымдардың, кітаптардың, монографиялардың авторы. "ҚР Денсаулық сақтау үздігі" төсбелгісімен марапатталған.



Хайруллина Замза Сайфулловна - медицина ғылымының кандидаты, микробиология, вирусология және иммунология кафедрасының доценті, жоғарғы санатты дәрігер-алерголог, Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас штаттан тыс алергологы, "Аллергология және иммунология" мамандығы бойынша аккредиттелген тәуелсіз сарапшы, Облыстық Алергология және тыныс алу медицинасы орталығының басшысы. Үкіметтік марапаттары бар: "Шапағат" медалі, "ҚР Денсаулық сақтау үздігі" төсбелгісі. Ғылыми жарияланымдардың, кітаптардың, монографиялардың авторы.

Резидентура негіздері: Балалар мен ересек адамдардың аллергологиясы мен иммунологиясы



Марат Оспанов атындағы БҚМУ микробиология, вирусология және иммунология кафедрасында резидентураларға арналған «Балалар мен ересек адамдардың аллергологиясы мен иммунологиясы» атты оқыту бағдарламасы жүзеге асырылуда, сабақтар мен дәрістер инновациялық оқу әдістермен өткізіледі



Облыстық тыныс алу медицинасы және аллергология орталығы. Орталықтың құрамында 40 төсекке (20 аллергологиялық төсек және 20 пульмонологиялық төсек) аллергиясы және бронх - өкпе аурулары бар науқастарға шұғыл және жоспарлы көмек көрсету үшін стационарлық бөлімше және ересек халықты қабылдау бойынша аллерголог-дәрігердің кабинеті жұмыс істейді: консультациялық-диагностикалық қызметтер, тексеру, арнайы аллергиялық сынақтар, аллерген- арнайы иммунотерапия.



ҒЫЛЫМ, КЛИНИКА, БІЛІМ

Облыстық респираторлық медицина және аллергология орталығында резиденттер клиникалық дайындықтан өтеді: науқастарды Орталық жетекшісі медицина ғылымының кандидаты Хайруллина З. С. - мен бірлесіп аралау науқастардың аллергопатологиясы бар палаталарда жүргізіледі, алынған нәтижелерді интерпретациялайды, науқастарды тексеру және емдеу жоспарын тағайындайды.

Аллергоцентрде сирек кездесетін аллергиялық және иммунологиялық аурулаға байланысты дәрігерлер консилиумына қатысады.

Аллергология-иммунология кафедрасының қызметкерлері, резиденттері Батыс Қазақстан аллергологтар, иммунологтар және пульмонологтар қауымдастығының белсенді мүшелері.

Аллергология-иммунология резиденттері зерттеу жұмыстарымен айналысады, тезистері мен мақалалары бар, жас ғалымдар Халықаралық сайыстарына қатысып жүлделі орындар алады.

Кафедрада иммунология саласында қаржыландырылатын гранттық зерттеулер жүргізіледі, магистратура және доктарантура бағдарламалары бар.

